

Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 21746 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 124-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 8 желтоқсаны
№ ҚР ДСМ-238/2020 Бұйрыққа
1-қосымша

Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 124-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоғары технологиялық медициналық көмек (бұдан әрі - ЖТМК) – тиімділігі мен қауіпсіздігі ғылыми дәлелденген диагностика мен емдеудің инновациялық және (немесе) бірегей әдістерін және медицина ғылымының және ғылым мен техниканың сабақтас салаларының жетістіктері негізінде әзірленген технологияларды қолдануды қажет ететін аурулар кезінде көрсететін мамандандырылған медициналық көмектің бір бөлігі;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі- ТМККБК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі.

3) медициналық бұйымдар – медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника;

4) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) мамандандырылған медициналық көмек – бейінді мамандар диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып көрсетілетін медициналық көмек;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – ӘМСҚ) – аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін

денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

3. Амбулаториялық-емханалық және стационарлық жағдайларда дәрігерлік мамандықтарға байланысты мамандандырылған медициналық көмектің түрлері терапиялық, хирургиялық, педиатриялық және акушерлік-гинекологиялық бейіндер болып бөлінеді.

Терапиялық бейін мыналарды қамтиды: терапия, аллергология, гастроэнтерология, гематология, нефрология, кардиология, кардиоревматология, пульмонология, эндокринология, психиатрия, психотерапия, медициналық психология, неврология, терапиялық стоматология, сексопатология, реабилитология, кәсіби патология, еңбек терапиясы, наркологиya, фтизиатрия, геронтология-гериатрия, гирудотерапия, токсикология, емдік дене шынықтыру, диетология, рентгенология, Су-джок-терапия, мануальдық терапия, рефлексотерапия, гомеопатия, дермато-венерология, дермато-косметология, инфекциялық аурулар, иммунология, лепрология.

Хирургиялық бейін мыналарды қамтиды: хирургия, кардиохирургия, нейрохирургия, эндоскопия, онкология, травматология және ортопедия, комбустиология, урология, андрология, оториноларингология, офтальмология, проктология, маммология, хирургиялық стоматология, ортодонтиялық стоматология, ортопедиялық стоматология, жақ-бет хирургиясы, трансплантология, экстракорпоралдық детоксикация, гипербариялық оксигенация, токсикология, анестезиология-реаниматология.

Педиатриялық бейін мыналарды қамтиды: педиатрия, фтизиопедиатрия, балалар анестезиологиясы және реаниматология, балалар хирургиясы, балалар нейрохирургиясы, балалар эндоскопиясы, балалар травматологиясы және ортопедиясы, балалар комбустиологиясы, балалар трансплантологиясы, балалар экстракорпоралдық детоксикациясы, балалар аллергологиясы, медициналық генетика, балалар кардиоревматологиясы, балалардағы жұқпалы аурулар, балалар иммунологиясы, балалар онкологиясы, балалар онкогематологиясы, балалар неврологиясы, балалар нефрологиясы, балалар эндокринологиясы, балалар психиатриясы, балалар психотерапиясы, балалар психотерапиясы, балалар, балалар токсикологиясы, балалар гипербариялық оксигенациясы, балалар пульмонологиясы, балалар гастроэнтерологиясы, балалар оториноларингологиясы, балалар офтальмологиясы, ортопедия мен ортодонтияны қоса алғанда, балалар стоматологиясы, балалар жақ-бет хирургиясы, балалар урологиясы, балалар және жасөспірімдер гинекологиясы, балалар дермато-венерологиясы, жасөспірімдер наркологиya, жасөспірімдер терапиясы, балалар реабилитологиясы, неонатологиясы.

Акушерлік-гинекологиялық бейін мыналарды қамтиды: гинекология, акушерлік, неонатология, медициналық генетика, жоғары репродуктивті технологиялар кіреді.

4. Халыққа мамандандырылған медициналық көмек медициналық ұйымның деңгейіне байланысты ұсынылады.

2-тарау. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібі

5. Мамандандырылған медициналық көмек медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде амбулаториялық жағдайлардағы консультативтік-диагностикалық көмек, стационарды алмастыратын және стационарлық көмек түрінде көрсетіледі.

6. Амбулаториялық жағдайда халыққа мамандандырылған медициналық көмек Кодекстің 7-бабы 31) тармақшасына сәйкес айқындалған тәртіппен көрсетіледі.

7. Диагнозды сәйкестендіру қиын болған кезде мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің кез келген деңгейінде, оның ішінде науқастың тасымалдауға жарамсыздығы кезінде қажет болған жағдайда өзге де медицина ұйымдарынан мамандарды тарта отырып, қажетті мамандарды тарта отырып, консилиум ұйымдастырылады.

8. ТМККК тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде немесе ақылы негізде жүргізіледі.

9. Мамандандырылған медициналық көмекті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейінді мамандығы және қажетті біліктілігі бар дәрігерлер көрсетеді.

10. Зерттеудің зертханалық-диагностикалық әдістерін қоса алғанда, мамандандырылған медициналық көмектің көлемі клиникалық хаттамалармен (бұдан әрі - Хаттамалар) айқындалады.

11. Дәрігердің қорытындысына сәйкес жеке күтімді қажет ететін бес жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ үлкен жастағы балалар осындай күтімді жүзеге асыру үшін анасымен немесе басқа адамдармен емдеуге жатқызылады.

12. Стационарлық емдеуде жатқан баланы күтуді жүзеге асыратын адам тегін ұйықтайтын орынмен қамтамасыз етіледі.

1-параграф. Стационар алмастыру деңгейдегі мамандандырылған медициналық көмек

13. Күндізгі стационарлардағы мамандандырылған медициналық көмекті стационарлық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары, үйдегі стационарларда – амбулаториялық-емханалық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары ұсынады.

14. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стационарды алмастыратын көмек күндізгі стационар және үйдегі стационар жағдайында медициналық-санитариялық

алғашқы көмек маманының немесе осы пациентті емдеу үшін қажетті зертханалық, аспаптық зерттеулердің және бейінді мамандардың консультацияларының нәтижелері бар басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша ұсынылады.

15. ТМККК тізбесіне кірмейтін стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтер МӘМС жүйесінде және (немесе) ақылы негізде және (немесе) ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде ұсынылады.

2-параграф. Стационарлық деңгейдегі мамандандырылған медициналық көмек

16. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының жолдамасы бойынша көрсетілетін стационарлық жағдайда халыққа ұсынылатын мамандандырылған медициналық көмек ТМККК-ге және МӘМС-ке кіреді.

17. Науқасқа мамандандырылған медициналық көмек көрсету қажет болған кезде ол тиісті бейінді (мамандандырылған) денсаулық сақтау ұйымына жіберіледі.

18. Науқастарды емдеуге жатқызу бөлімшенің (төсектің) бейініне сәйкес жүргізіледі

19. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы әлеуметтік осал топтар үшін медициналық көрсетілімдер болған жағдайда жоспарлы емдеуге жатқызу туралы өз бетінше шешім қабылдайды: 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүгедектігі бар тұлғылар, көп балалы аналар, зейнеткерлер, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар, ғылыми ұйымдары үшін жоспарлы емдеуге жатқызу көлемінен 15%, меншік нысанына қарамастан аудандық, қалалық, облыстық деңгейлердің денсаулық сақтау ұйымдары үшін 10% шегінде.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Стационардан шығару кезінде пациенттің қолына шығару эпикризі беріледі, онда толық клиникалық диагнозы, хаттамаға сәйкес жүргізілген тексеру, емдеу көлемі және науқасты одан әрі бақылау жөніндегі ұсынымдар ұсынылады.

Пациент туралы ақпарат бір мезгілде науқастың бекітілген жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымға беріледі.

3-тарау. Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету тәртібі

21. ЖТМК стационар алмастыратын және стационарлық жағдайда ұсынылады.

22. Медициналық ұйымдар денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуына сәйкестігі туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) болған кезде ЖТМК ұсынылады.

23. Қорытынды алу үшін денсаулық сақтау ұйымы медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі -

Бөлімше) ресурстарды басқарудың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "РБЖ" АЖ) электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі - 1-қосымша) сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. ЖТМК ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйымы өтінімде осы Қағидаларға 2 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген ЖТМК түрін көрсетуге қойылатын өлшемшарттарға (бұдан әрі – өлшемшарттар) сәйкестігі туралы мәліметтерді көрсетеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Бөлімше өтінімді алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде денсаулық сақтау ұйымының өлшемшарттарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді.

Денсаулық сақтау ұйымы өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда Бөлімше осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) жыл мерзімге қорытынды береді:

Қолдану мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей денсаулық сақтау ұйымы жаңа қорытынды алуға өтінім береді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидаларға сәйкес алынған қорытынды өндірістік базаны және қызмет бейінін сақтай отырып, қызметті жоспарлайтын және (немесе) жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары бұрын алған қорытындыларды мынадай жағдайларда: қайта ұйымдастырылған, ұйымдық-құқықтық нысандағы өзгерістер, заңды тұлға ауысқан, уәкілетті орган және (немесе) денсаулық сақтау басқармалары растаған объекті сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларда қайта ресімделеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қорытынды туралы мәліметтер "РБЖ" АЖ-ға енгізіледі. Қорытынды Бөлімшенің бірінші басшысының және (немесе) оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылып беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қорытынды алған денсаулық сақтау ұйымы қорытындының көшірмесін ӘЛМСҚ және (немесе) оның аумақтық филиалына жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Денсаулық сақтау ұйымы ЖТМК көрсетуге жіберілген маман жұмыстан босатылған (басқа лауазымға ауыстырылған) немесе жаңадан келген адамға ауыстырылған жағдайда, сондай-ақ ұзақ (3 айдан астам) жөндеуді немесе оны ауыстыруды талап ететін өтініш берілген медициналық бұйымның ақаулығы туындаған жағдайда он жұмыс күні ішінде "РБЖ" АЖ-да мәліметтерді өзектендіреді.

30. ЖТМК коды немесе атауы өзгерген жағдайда Бөлімше ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау ұйым өтінімінің негізінде талаптарға сәйкес болған кезде өтінім келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қорытындыны жаңа кодқа немесе атауға сәйкес қайта ресімдейді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.09.2022 № ҚР ДСМ – 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы ол жүгінген кезде бейінді маманның қорытындысы негізінде пациенттің құжаттарын жоғары технологиялық медициналық көмек жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - ЖТМК комиссиясы) жібереді.

Пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы оған тиісті бейін бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымын баламалы таңдау мүмкіндігі туралы хабарлайды.

32. ЖТМК комиссиясын ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымына пациентті жіберу мәселесін шешу үшін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының басшысы бейінді мамандардан құрады.

33. Пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы пациенттің құжаттар пакетін қағаз немесе электрондық түрде ЖТМК комиссиясының қарауына жібереді.

34. ЖТМК комиссиясына ұсынылатын құжаттар пакеті мыналарды қамтиды:

- 1) пациенттің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) медициналық ұйымға стационарға және (немесе) күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға жіберу;
- 3) емдеуші дәрігердің, бөлімше меңгерушісінің және бас дәрігердің емдеу-алдын алу жұмысы жөніндегі орынбасарының қолдарымен, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымының мөрімен куәландырылған клиникалық диагнозы көрсетілген амбулаториялық пациенттің медициналық картасының немесе стационарлық науқастың медициналық картасының үзіндісін ұсынады;

4) клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалды) зерттеулердің нәтижелері, диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес бейінді мамандардың консультациялары.

35. ЖТМК комиссиясы:

1) пациенттің құжаттар пакетін сырттай, келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды;

2) пациентті ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымына жіберудің негізділігін айқындайды;

3) хаттама түрінде ресімделетін шешім қабылдайды.

36. Оң шешім қабылданған жағдайда ЖТМК комиссиясы емдеуге жатқызуға жолдаманы пациенттің құжаттар пакетін қоса бере отырып, "Емдеуге жатқызу бюросы" порталында (бұдан әрі – Портал) тіркейді.

37. Электрондық форматта құрастырылған медициналық ұйымға ауруханаға жатқызуға жолдаманы пациент:

1) веб-порталдан;

2) ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімінен;

3) бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына сұрау салу бойынша алады.

38. ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымы Порталда пациенттің құжаттарымен қоса емдеуге жатқызуға түскен жолдаманы келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды және стационарға емдеуге жатқызу күнін айқындайды.

39. Пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымы белгілеген жолдамаға емдеуге жатқызу күнін порталда қарайды және бір жұмыс күні ішінде пациентті стационарға емдеуге жатқызу күні туралы хабардар етеді.

ЖТМК көрсететін ұйымға емдеуге жатқызу күні туралы пациентті хабардар ету жолдары мынадай:

1) ауызша хабарлау;

2) sms-хабарламалар;

3) пайдаланушы кабинетінде электрондық хабарлау;

4) медициналық ақпараттық жүйелерде, оның ішінде мобильді қосымшаларды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

40. Пациент денсаулық сақтау ұйымында стационарлық емделуде болған жағдайда, пациентке ЖТМК көрсету үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде емдеуші дәрігер осы денсаулық сақтау ұйымының бөлімше меңгерушісімен немесе бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, электрондық поштамен (сканерленген нысанда) ЖТМК комиссиясының қарауына стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмені жібереді.

Денсаулық сақтау ұйымында жатқан пациентке ЖТМК көрсету туралы оң шешім қабылданған кезде ЖТМК комиссиясы жолдаманы Порталда тіркейді.

Денсаулық сақтау ұйымында жатқан пациентке ЖТМК көрсету туралы теріс шешім қабылданған кезде ЖТМК комиссиясы Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген және Порталда электрондық форматта іске асырылған нысан бойынша науқастарды қабылдауды және емдеуге жатқызудан бас тартуды есепке алу журналында бас тартуды тіркейді.

ЖТМК комиссиясы теріс шешім қабылдайды:

1) медициналық көмекті ұйымдастыру стандарттарына және клиникалық хаттамаларға сәйкес ЖТМК көрсеткіштері болмаған жағдайда;

2) осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес құжаттардың толық емес пакеті тапсырылған жағдайда;

3) ұсынылған құжаттардың түпнұсқалық еместігін анықтаған жағдайда.

41. ЖТМК көрсету аяқталғаннан кейін ЖТМК орындаған денсаулық сақтау ұйымы пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына одан әрі емді жүргізу ұсыныстарымен, оның ішінде жүргізілген ЖТМК тиімділігін бірлескен динамикалық бақылау жоспарымен пациенттің шығару эпикризін жібереді.

42. Пациенттің бекітілген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы ЖТМК көрсеткеннен кейін (асқынулардың болуы, мүгедектік, жасалған операциядан кейін бір жыл ішінде өмір сүру, өлім-жітім) пациенттің жай-күйіне динамикалық бақылау жүргізеді және есепті жылдан кейінгі бірінші тоқсанда денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына есеп береді.

Мамандандырылған,
оның ішінде жоғары
технологиялық медициналық
көмек көрсету қағидаларына
I-қосымша
Нысан

_____ жылға жоғары технологиялық медициналық қызметтерді (бұдан әрі - ЖТМК) ұсынуға денсаулық сақтау ұйымдарының сәйкестігіне өтінім

Денсаулық сақтау ұйымы

(толық заңды атауы)

ЖТМК көрсетуге рұқсат беруді сұрайды:

№	Коды	ЖТМК түрі	Кадрлар туралы мәліметтер	Медициналық бұйымдар туралы мәліметтер	Жоспарланған ЖТМК көлемі

Ескертпе:

1. Осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау ұйымы толтырады.

2. Алғаш рет ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау ұйымы "Жоспарланған ЖТМК көлемі" деген бағанды толтырмайды.

Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларына 2-қосымша

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына қойылатын өлшемшарттар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.12.2023 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Кодтар	Жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің атауы	Кадрларға қойылатын өлшемшарттар	Медициналық бұйымдарға қойылатын өлшемшарттар
1	00.50	Бивентрикулярлық электрокардиостимуляторды жалпы жүйенің дефибрилляторына жанаспай имплантаттау (CRT-P)	Штатта Кардиология интервенциялық кардиология) ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (ересектер)" немесе Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (балалар)" немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, аритмология мәселелері бойынша 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы	" Гемодинамика жүйесі бар

			куәлігі, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс жасауға рұқсаты бар маманның болуы.	ангиографиялық қондырғы
2	00.51	Бивентрикулярлық дефибрилляторды жалпы жүйені имплантаттау (CRT-D)	Ш т а т т а " Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе " Кардиология (интервенциялық аритмология) (ересектер)" немесе " Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе " Кардиология (интервенциялық аритмология) (балалар)" немесе " Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, аритмология мәселелері бойынша 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілік арттыру туралы куәлігі, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс жасауға рұқсаты бар маманның болуы.	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық қондырғы
			Ш т а т т а " Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, соңғы 3 жылда эндоваскулярлық нейрохирургия мәселері бойынша	Бипландық ангиографиялық қондырғы. Магниттік өрісте кемінде 1,5 тесла

3	00.65	Стенттерді бассүйекшілік артерияларға тері арқылы имплантаттау	кемінде 432 сағат көлемінде біліктілігін арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы. Жылына кемінде 50 рет мидағы қан тамырларға өзі жасаған эндоваскулярлық операцияларды тәжірибесі. Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеуге рұқсаты болуы.	болатын магнит-резонанстық томограф. Компьютерлік томограф. Гемодинамиканың интраоперациялық мониторингі. Наркоздық-тыныс алу аппараттары.
4	00.93	Трансплантаттау үшін кадаврдан ағзаларды және/ немесе тіндерді алу	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология) мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның болуы, трансплантаттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, ағзаларды трансплантаттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәлігінің болуы.	Гемодиализ және гемодиализсүзгісіне арналған аппарат – кемінде 2, доплері бар ультрадыбыстық аппарат – кемінде 2, компьютерлік томограф - 1, ангиограф - 1, операциялық коагулятор - кемінде 2, аспирациялық сорғыш - 2, дәрілік заттар дозаторы - 4, электрокардиограф - 1, өкпені жасанды желдету аппараты - 2 , микрохирургиялық аспаптар жиынтығы - 2, тамырлық аспаптар жиынтығы - 2, хирургиялық аспаптар жиынтығы (жараны кеңейткіш) - 2, пациентті бақылауға арналған монитор - 2, пациенттің дене салмағын анықтауға арналған таразылар - 1, донорлық ағзаны тасымалдауға арналған контейнер

				- 3, қышкыл-сілтілік күйдің талдаушы - 1 , ультрадыбыстық хирургиялық аспиратор - 1.
5	01.53	Эпилепсия кезінде бас миының лобэктомиясы	<p>Ш т а т т а " Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар маманның болуы.</p> <p>Соңғы 3 жылда эпилепсияны хирургиялық емдеу бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру туралы куәлігінің болуы.</p> <p>Бас миына жылына кемінде 50 рет микрохирургиялық өзі жасаған операциялар тәжірибесі.</p>	<p>Интраоперациялық электроэнцефалограф. Бас миын операциялық араласу жүргізу үшін хирургиялық навигациялық құрылғыш қою. Операциялық нейрохирургиялық (микроскоп. Функционалдық нейрохирургия мен биопсияға арналған ж ү й е . Наркоздық-тыныс алу аппараты. " Сүйектерді өндеуге арналған жиынтығынан " Краниотом". Магниттік өрісімен кемінде 1,5 тесла болатын магнитті-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф. Нейрохирургиялық құралдар жиынтығы .</p> <p>Микронейрохирургиялық құралдар жиынтығы. Операциялық коагулятор. Ультрадыбыстық диссектор.</p>
			Ш т а т т а " Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты,	

6	02.93	Интракраниалдық нейростимулятордың электродтарын (электродтарын) импланттау немесе ауыстыру	мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, соңғы 3 жылда кемінде 216 сағат көлемінде стереотактикалық және функционалдык нейрохирургия бойынша біліктілікті арттыру куәлігі бар маманның болуы. Жылына кемінде 20 р е т стереотактикалық жүйені пайдалана отырып, өзі жасаған операциялар тәжірибесі.	Жақтауы бар стереотактикалық жүйе. Краниотом. Қатты етіп бекіту мүмкіндігі бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Нейрохирургиялық құралдар жиынтығы . Биполярлы коагулятор. Магнит өрісі кемінде 1,5 тесла болатын магнитті-резонанстық томограф. Компьютерлік томограф
7	03.7992	Негіздемелік стереотаксиялық жүйені қолдануымен операция	Ш т а т т а " Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі соңғы 3 жылда кемінде 216 сағат көлемінде стереотактикалық және функционалдык нейрохирургия мәселері бойынша біліктілікті арттыру сертификаты бар маманның болуы.	Жақтауы бар стереотактикалық жүйе. Краниотом. Қатты етіп бекіту мүмкіндігі бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Нейрохирургиялық құралдар жиынтығы . Биполярлы коагулятор. Магнит өрісі кемінде 1,5 тесла болатын магнитті-резонанстық томограф. Компьютерлік томограф.
		Стереотаксиялық жүйені қолданумен	Ш т а т т а " Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, соңғы 3 жылда кемінде 216 сағат көлемінде стереотактикалық	Жақтауы бар стереотактикалық жүйе. Краниотом. Қатты етіп бекіту мүмкіндігі бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Нейрохирургиялық

8	03.7993	бас миының нейростимуляторын имплантаттау	және функционалдык нейрохирургия бойынша біліктілікті арттыру сертификаты бар маманның болуы. Жылына кемінде 20 рет стереотактикалық жүйені пайдалана отырып, өзі жасаған операциялар тәжірибесі.	құралдар жиынтығы . Биполярлы коагулятор. Магнит өрісі кемінде 1,5 тесла болатын магнит-резонанстық томограф. Компьютерлік томограф.
9	03.93	Жұлынның нейростимуляторын (электродтарын) имплантаттау немесе ауыстыру	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, соңғы 3 жылда кемінде 216 сағат көлемінде функционалдык нейрохирургия бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы. Кемінде жылына 50 рет омыртқа мен жұлынға өзі жасаған операциялар тәжірибесі.	" Наркоздық-тыныс алу аппараты. С-доғалы рентгендік мобильдік хирургиялық аппарат. Жұлын нейрохирургиясына арналған жиынтығы бар электротрепан. Магнит-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф. Жұлын нейрохирургиясы үшін нейрохирургиялық құралдар жиынтығы .
			Штатта "Оториноларингология (сурдология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты, мамандығы бойынша 10 жыл жұмыс өтілі, отохирургия және кохлеарлы имплантация мәселелері бойынша біліктілігін арттыру	Микроскоп. Тимпаналдық хирургиялық жиынтық. Кохлеарлы имплант . Бормашина.

10	20.95*	Электромагниттік есту аппаратын импланттау	туралы куәлігі бар маманның болуы. Кохлеарлы имплантты үйлестіру бойынша біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы. Штатта "Оториноларингология" (сурдология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның болуы.	Кохлеарлы имплантты қосу және орнату бағдарламасы бар ноутбук.
11	33.5	Өкпені транспланттау	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, трансплантология мәселелері, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлік, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәлігі бар	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. Уақытша электрокардиостимулятор. Жүрек және тамырлар ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы өтетін датчик. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді айқындаумен қышқылды-негізді тепе-теңдік талдаушы. Хирургиялық аспиратор (сорғыш). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембранды оксигенация жүргізуге арналған аппарат. Аффференттік

			кемінде екі маманның болуы.	гемокоррекцияға арналған аппарат. Донорлық өкпенің перфузиясына арналған аппарат.
12	33.6	"Жүрек – өкпе" кешенін аралас транспланттау	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология) немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандықтары бойынша сертификаты, трансплантология, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау, "жүрек-өкпе" кешенін транспланттау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлігі, транспланттау бөлімшесінде жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәлігі бар	Гемодиализ және гемодиализсүзгісіне арналған аппарат. Қолқаішілік баллонды пульсті бақылауға арналған аппарат. Қанның центрифугалық сорғышы. Донорлық ағзаны тасымалдауға арналған аппарат. Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. Уақытша электрокардиостимулятор. Жүрек және тамырларды ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Операциялық монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы өтетін датчик. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді айқындаумен қышқылды-негізді тепе-теңдік талдауышы. Хирургиялық аспиратор (сорғыш). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым

			кемінде екі маманның болуы.	аппараты. Экстракорпоралдық мембранды оксигенация жүргізуге арналған аппарат. Афференттік гемокоррекцияға арналған аппарат. Донорлық өкпе және жүректі перфузиясына арналған аппарат.
13	35.05	Қолқа қақпақшасын эндоваскулярлық ауыстыру	Штатта "Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, мамандық бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы.	" Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық қондырғы. (Наркоздық-тыныс алу аппараты. Бифаздық дефибрилятор. Жасанды қанайналым аппараты.
			Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. Уақытша электрокардиостимулятор. Жүрек және тамырларды ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика

14	35.11	Ауыстырмай қолқа қақпақшаның ашық вальвулопластикасы	бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, ашық жүрекке жылына кемінде 50 өзі жасаған операциялар тәжірибесі, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде мамандық бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы.	функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы өтетін датчик. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді айқындаумен қышқылды-негізді тепе-теңдік талдаушы. Хирургиялық аспиратор (сорғыш). Наркоз-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембранды оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
15	35.12	Ауыстырмай митральды қақпақшаның ашық вальвулопластикасы	Штатта Кардиохирургия (ересектер, балалар) мамандығы бойынша сертификаты бар, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, ашық жүрекке жылына кемінде 50 өзі жасаған операциялар тәжірибесі, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибрилятор. Уақытша электрокардиостимулятор. Жүрек және тамырларды ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы өтетін датчик. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді айқындаумен қышқылды-негізді тепе-теңдік талдаушы. Хирургиялық аспиратор (сорғыш). Жасанды қанайналым аппараты.

				Наркоз-тыныс алу аппараты. Экстракорпоралдык мембранды оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
16	35.121	Митраль қақпақша стенозының баллондық вальвулопластикасы	Ш т а т т а " Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе " Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе " Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, көрсетілген мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәлігі бар маманның болуы.	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық кондырғы. Уақытша электрокардиостим улятор. Бифаздык дефибрилятор. Қолқаішілік баллонды контрпульсатор. Пульс жиілігінің датчигі бар эхокардиография.
			Ш т а т т а " Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибрилятор. Уақытша электрокардиостим улятор. Жүрек және тамырларды ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы өтетін

